

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

Қ.Т. МҰХАМАДИ 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: kuralay.mukhamadi@gmail.com)

МОНОТІЛДІ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ТІЛДІК КЕДЕРГІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақала монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін анықтауға арналған. Бала тілін қарастыратын лингвистика саласы бүгінгі күнде өз алдына жеке сала ретінде қалыптасып «онтолингвистика» деген терминді иеленіп қарқынды дамуға бет бұрды. Өйткені, бұл саланың зерттеуді қажет ететін қадау-қадау мәселелері күн тәртібінен түспей келеді. Соның бірі – монотілді балалардың тілдік даму ерекшеліктерін анықтау. Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін анықтау, бұл тек тілдік дамудың ғана көрсеткіші емес. Жалпы оқу жетістігі мен монотілді баланың көптілді ортада әлеуметтік бейімделуі сияқты мәселелер қазіргі таңда өзекті болып отыр. Сондықтан оны қазақ тіл ғылымына қатысты ғана емес, жалпы тіл білімінде де осыған қатысты ой-тұжырымдар негізінде қарастыру, оларды салыстыра зерттеп, аталмыш мәселенің негізін анықтаудың маңызы зор.

Мақалада жүргізілген зерттеудің мақсаты – монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін тіл жүйесінің әр деңгейіне сай анықтап, олардың оқу үлгеріміне кері әсер ететінін көрсету арқылы баланың бастауыш сыныпта білімді ана тілінде алуының маңызын дәлелдеу.

Бұған дейінгі зерттеулерде, соның ішінде шетелдік ғалымдардың еңбектерінде монотілділік, монологизмнің ерекшелігі талданған. Алайда жалпы тіл білімінде монотілділіктің сипатын танытқан теориялық ғылыми еңбектер кездескенімен, отандық зерттеулерде монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін анықтау бағытындағы зерттеулер жоқтың қасы. Сол себепті де бала тіліне қатысты зерттеулерде монотілді балалар мәселесін зерттеп, олардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін анықтау қазіргі таңда аса өзекті. Бұл мақалада монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін анықтау мәселесін қарастыру арқылы бастауыш сыныпта білімді тек ана тілінде алудың маңызы дәлелденеді.

Түйін сөздер: монотілді бала, бала тілі, оқу үлгерімі, тілдік кедергілер, оқу процесі

Кіріспе. Бала тілінің қалыптасуы мен дамуы аса күрделі құбылыс. Қазіргі білім беру жүйесі көптілді мәдениетті қалыптастыруға негізделген қоғамда монотілді балалар тілінің қалыптасуы мен дамуы тіптен күрделі мәселе болып отыр. Осыған орай монотілді балалардың оқу процесінде тілдік кедергілерге тап болу мәселесі де өзекті. Әсіресе оқу тілі баланың ана тіліне сәйкес келмеген жағдайда, білімді меңгеру барысында түрлі қиындықтар туындайды. Сол себепті де монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін анықтау және оны шешу жолдарын қарастыру – қазіргі Қазақстан жағдайындағы аса маңызды, әрі күрделі мәселелердің бірі.

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР26103905 «Қазақстан аумағындағы тілдік ортада монотілді бала өсірудің қиындықтары, себебі және шешу жолдары» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

Мақалада оқырманға бүгінгі лингвистика мен педагогика ғылымдарын толғандыратын мәселелердің жай-күйі туралы жалпы түсінік беріледі. Тақырыптың өзектілігін ашу үшін монотілді балалардың бастауыш сыныптарда өз ана тілінде білім алуының танымдық-психологиялық тұрғыдан маңызына талдау жасалынып, түрлі ғалымдардың ой-пікірлері, мақалалары, еңбектері пайдаланылып, бүгінге дейінгі ғылыми көзқарастар сараланады.

Ғалым Ғ. Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» атты еңбекте монотілді дегенге мынадай түсінік берілген: «біртілділік, жеке адамның не қоғамның бір тілді қолдануы» [1, 217]. «Монолингвизм» сөзіне берілген анықтаманың өзі екі жайтты айғақтап тұр. Оның біріншісі – жеке адамның бір ғана тілді қолдануы болса, екіншісі – қоғамның (елдің, мемлекеттің) ғана бір тілді қолдануы. Олай болса, Қазақстан жағдайында жеке адамның бір тілді қолдануы жайлы ғана сөз болуы мүмкін. Қазақстанда монотілділік тек қазақ тілінде сөйлейтін жеке адамға немесе тек орыс тілінде (өзге тілде) сөйлейтін жеке адамға қатысты қарастырылуға тиіс мәселелердің жиынтығын құрайды. Жеке адамның бір тілді қолдануы туралы айтқанда, бір тілде сөйлейтін, ойлайтын балалар, яғни монотілді балалар туралы сөз қозғауға тура келеді. Монотілді бала – күнделікті қарым-қатынаста бір ғана тілді қолданатын, өзге тілдерді жеткілікті деңгейде меңгермеген білім алушы. Монотілді ортада өскен бала екінші, үшінші тілді үйренуде өзге тілдің лексикасын қолдануда, сөзді айтуда, емле, грамматика мен сөйлесім әрекеттерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгеруде белгілі бір қиындықтарға тап келері анық.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында тақырыпты ашып, мақсатқа қол жеткізу үшін тақырыпқа сай еңбектерді салыстыра зерттеу, оларды талдау, жүйелеу және сипаттау, бақылау, эксперимент, салғастырмалы әдістері пайдаланылды. Бұл әдістер зерттеу міндеттеріне сай кешенді тұрғыда белгілі реттілікпен қолданылып, монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін анықтауға мүмкіндік берді. Монотілді балалардың оқу процесіндегі кездесетін тілдік кедергілерін анықтауда эксперимент, бақылау әдісі қолданылса, жалпы тіл біліміндегі монотілділікке қатысты түсініктер мен оның нақты көрінісін бағамдау үшін салғастырмалы әдіс пайдаланылды. Монолингвизмнің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау мақсатында салыстыра зерттеу, талдау, сипаттау сияқты теориялық әдістер кеңінен қолданылды. Сондай-ақ ғылыми пікірлер мен практикалық жұмыстарды ұсынуда (эксперимент т.б.) жүйелеу, бақылау, жазба жұмыстарын талдау әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Лингвистикада қазіргі күні ғалымдар балалардың сөйлеуін онтогенез (тіл, сөйлеу) тұрғысынан жеке зерттеп қана қоймай, сонымен қатар «бала тілінің» барлық тіл деңгейлердегі (фонологиялық, сөзжасамдық, морфологиялық, лексикологиялық, синтаксистік) ерекшеліктерін қарастыра келе, «бала тілі» негізінде лингвистикалық нақты бір мәселені шешуге бағытталған еңбектердің саны артып келе жатқанын байқауға болады. Сондықтан да бала тіліне қатысты еңбектердің зерттеу нысаны да, мақсаты да сан алуан және ол тек «бала тіліне» қатысты мәселелерді шешумен ғана шектелмей, өз аясын кеңейтіп келеді. Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін анықтаудың ғылымдар тоғысында қарастыруды қажет ететін саласы – педагогика, оқыту әдістемесі.

Міржақып Дулатов «Мұғалімдерге» атты мақаласында: «...сіздер онда аз-көп болса да өздерің ғана үйреніп шықтыңдар, басқаларды қалай үйрету жәйін үйренген жоқсыңдар. Өзі білумен өзгелерді білдіру екі басқа. Білгенін кісіге білдіру яғни балаларды оқыту өз алдына бір ғылым. Ғылым педагогика» – дейді. Осы мақаласында М.Дулатов: «Бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсерлі, күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатына муафиқ үйретуден, осылай біліп, баяндап оқытқанда, балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухы сіңісіп, ана тілін анық үйреніп, керекті мағлұмат алып шығады» – дей келе, «Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да тіршілігінде қандай ауырлық, өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады» [2, 239] –

деп бастауышта берілген білімнің ана тілінде болуының маңызын баса айтады. Академик Рәбиға Сыздық: «Мектеп табалдырығын аттаған бала ана тілінде ғана сөйлеуі керек. Бала бастауышта орыс тілінде де емес, ағылшын тілінде де емес, тек қана ана тілінде оқуы керек. Үш тілді бірден оқытқанда баланың ана тілі болмайды. Ана тілі болмаған адамнан ешқандай ақын да, жазушы да, суретші де шықпайды. Ғалым шығар, маман шығар, тіпті атақты адам да шығар. Бірақ онда ешқандай мәдени азық болмайды» [3] – деп баланың бастауышта білімді өз ана тілінде алуының аса маңызды екенін сөз еткен.

Педагогикалық, психологиялық зерттеулерде 3 жас пен 8 жастың аралығында балада өзінің айналасында болып жатқан құбылыстарға деген ерекше сезімталдық болатыны, солардың ішінде оның тілге, сөйлесуге деген сезімталдығы ерекше болатыны анықталған. Міне, бала дамуының осы ерекше сезімталдық кезеңін Ян Амос Коменский, Константин Ушинский сияқты ойшылдар, педагогтар толығымен ана тіліне пайдалануды ұсынады. Бұл пікірлер қазақ ғалымдарының ойларымен өте ұқсас. Бұл заңды да. Себебі, ана тілі – дүниетанудың басты құралы, баланың ақыл-ой дамуының, тұлғалық дамуының негізгі базасы, көзі. Бұл кезеңде басқа тілдің араласуы осының бәріне кедергі келтіреді. Өйткені, оқыту өзге тілде жүргізілген жағдайда тапсырманы түсінбеу, ойды жеткізе алмау сияқты кедергілер болса, ал ана тілінде білім алу баланың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін азайтады, төмендетеді. Ян Амос Коменский өзінің «Ұлы дидактикасында» балаға тәрбие, білім беруді төрт сатыға бөліп, соның алғашқы сатысын «Ана мектебі», екіншісін «Ана тілі мектебі» (Бұл екі саты баланың туғаннан 10-12 жасқа дейінгі кезеңін қамтиды) деп атауы да осыдан еді [4].

Бастауышта бірнеше тілді қатар оқытудың зияны туралы Н.И.Пирогов былай дейді: «Мұның зияны бала зейіні өздері білетін заттарды тереңірек зерттей танудың, ойлау процесінің жетілуіне қызмет етудің орнына сол заттардың жаңаша атауларын үйренуге ауып кетеді. Баланың назары сөздің сыртқы формасында тұрақтап қалады, оның толық болмыс-бітімі, мазмұны қозғаусыз тұра береді. Кейін де осылайша назар аудару бағыты үйреншікті әдетке айналады, ал ойлау бір жақтыланып, үстіртеніп кетеді» [5]. Белгілі швед ғалым Терстен Хюсеннің басқаруымен ЮНЕСКО жанындағы мектеп оқушыларының білім дәрежесін анықтап, бағалау жөніндегі халықаралық ұйымның 1960-1970 жылдарда 21 елде жүргізген салыстырмалы зерттеулері де осыны толық дәлелдейді. Т. Хюсен әуелде шет тілін балаға үйретудің неғұрлым ерте бастауды және оны ана тіліне байланыссыз оқытуды жақтаушылардың бірі болғаны мәлім. Алайда бірнеше елде бір мезгілде жүргізілген зерттеулердің нәтижесі Т. Хюсеннің әуелгі пікірінен қайтып, шет тілін, швед мектептеріндегідей ана тілі негізінде орта сыныптардан бастап оқыту әлдеқайда тиімді деген қортындыға келуіне тура келді [6]. Т. Хюсен шет тілін орта сыныптан бастап баланың өз ана тілінің заңдылығы негізінде оқытқан тиімді деген пікірі де жиі айтып жүр.

«Исследование мотивационной рефлексии детей-монолингвов и детей-билингвов Казахстана (на материале данных психолингвистического эксперимента)» атты мақала авторлары зерттеу экспериментінің қорытындысында монотілді балалардың жасы өскен сайын ана тілін мейлінше толық меңгеретінін айта келіп былай дейді: «олар тілдік белгілер жүйесін жақсы меңгереді және ана тілінің табиғатын неғұрлым нәзік сезінеді» [7]. Монотілді бала дегенде қазақтілді балалар мен орыстілді (екеуі де монотілді) балаларға қатысты эксперимент негізінде жүргізілген зерттеу қорытындысында осындай ой айтылған.

Ғалым О.А.Кобрина «Ошибки в детской речи при овладении родным языком и при изучении второго (иностранного) языка» атты мақаласында: «Екінші тілді меңгерудегі қателердің негізгі себептерінің бірі – ана тілінің әсері (дағдылардың теріс ауысуы)» [8] – деп санайды.

2025 жылы «Управление образованием: теория и практика» журналына шыққан «Языковой барьер и его влияние на учебный процесс иностранных студентов» атты мақалада авторлар Ю.А.Волков, О.И.Башеров, Ю.В.Яшина, Д.А.Фомичева білім алушы кездесетін тілдік кедергіні жай сөздерді білмеу тұрғысынан ғана емес, жалпы тиімді

оқытуға кедергі келтіретін тілдік, психологиялық және әлеуметтік-мәдени факторлардың жиынтығы ретінде қарастырады [9, 147].

Монотілді (тек бір тілді меңгерген) балалардың оқу процесіндегі кедергілерін анықтауға қатысты зерттеулер көбінесе екінші тілді үйрену (L2) кезінде немесе билингвизммен салыстыру бағытында жүргізілген. Сондай-ақ зерттеу еңбектерде монотілді (тек бір тілді меңгерген) балалардың оқу процесіндегі кедергілерін психологиялық және коммуникативтік кедергілер тұрғысынан сипаттау да бар. Монотілді білімалушылардың оқу процесіндегі кедергілерін психологиялық және коммуникативтік кедергілеріне студенттер мен мектеп оқушылары арасындағы «тілдік үрейді» [10] (language anxiety) қарастыратын еңбектерде (С.Ю.Дронова, Л.И.Зверева) [11] монотілді ортадан шыққандардың жаңа тілдік ортада өзі-өзіне сенімсіз болатыны және қате жіберуден қорқуы оқу үлгеріміне тікелей әсер ететінін жазады [12]. тілдік кедергілердің болуы әлеуметтік оқшаулануға әкелетіндігі және оқушылардың когнитивті дамуын да тежейтіндігі туралы да айтылады [13]. Балалардың бірнеше тіл элементтерін қатар қолдануы, бірнеше тіл элементтерін араластырып сөйлеуі де өте жиі кездесетін күрделі құбылыс. Оның да өзіндік кемшіліктері көп. «Бала үнемі бірнеше тілдегі ақпаратты өңдеп, салыстырып, ажыратып отыруға тырысады. Бұл кей балалар үшін танымдық шаршауды күшейтіп, сөйлеу әрекетінің қарқынын бәсеңдетуі мүмкін. Тілдік сигналдардың көптігі ақпаратты қабылдау мен өңдеу жылдамдығын төмендетіп, кейде сөйлеу қарқынының баяулауына немесе ойды жеткізудегі ұзақ кідірістерге алып келеді. Мұндай жүктеме уақытша құбылыс болғанымен, тілдік әлеуметтенудің ерте кезеңінде байқалатын маңызды факторлардың бірі» [14]. Әдебиеттерге шолу жасау барысында бастауыш сыныпта баланың өз ана тілінде білім алуының аса маңызды екенін, осы кезеңде өзге тілді қатар оқыту баланың танымдық процесін тежеп, тек сөздердің аудармасын білуге итермелейтінін, сондай-ақ бірнеше тіл элементтерін қосып сөйлеу баланы шаршатып, ақпаратты қабылдауын төмендетіп, сөйлеуін тежейтіндігін және басқа да кемшіліктердің болатынын байқадық.

Нәтижелер. Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілер бірнешеу. Олар:

1. Сөздік қордың жеткіліксіздігі. Оқу пәндеріндегі жаңа сөздер мен терминдерді түсінбейді.
2. Грамматикалық жүйені, грамматикалық құрылымдарды, ережелер мен заңдылықтарды толық түсінбеу салдарынан тапсырмалардың шартын түсінбейді.
3. Тыңдалымдағы қиындықтар. Мұғалімнің айтқанын толық түсінбейтін жағдайлар кездеседі.
4. Оқылымдағы қиындықтар. Мәтінді оқығанда мәтіннің мазмұнын толық түсінбейді.
5. Айтылымдағы қиындықтар. Ауызша ойын еркін, толық жеткізе алмайды.
6. Жазылымдағы қиындықтар. Дұрыс сөйлем, мәтін құрастыра алмайды. Диктант, жазба жұмыстарында қате жібереді.
7. Тілдік ортаға бейімделудегі қиындықтары. Өз-өзіне сенімсіз, сөйлеуге, өз ойын айтуға жасқанады.
8. Пәндік және тілдік білімнің сәйкеспеуі. Тілді білмеу пәнді меңгеруде де қиындықтарға әкеледі.
9. Мотивациялық қиындықтар. Қызығушылық төмендейді. Пәнді игеруге деген ынта болмайды.

Монотілді балалардың оқу барысында кездесетін кедергілер мен оның себептері және оқу процесіне әсері қысқаша 1-кестеде көрсетілді.

Кесте 1– Монотілді балалардың оқу барысында кездесетін кедергілер

Тілдік кедергінің түрлері	Тілдік кедергінің себептері	Тілдік кедергілердің оқу процесіне әсері
Сөздік қордың аздығы	Басқа тілде тәжірибенің аздығы	Оқу материалын меңгерудің қиындығы
Грамматикалық қиындықтар	Грамматикалық құрылымдарды (формаларды) білмеуі	Тапсырмалардың шартын түсінбеу, грамматикалық формаларды дұрыс қолдана алмау
Тыңдалымдағы қиындықтар	Күнделікті сөйлеуді аз есту	Тыңдалым мәтіндерін дұрыс түсінбеу
Айтылымдағы қиындықтар	Өз-өзіне сенімсіз болуы	Сабақта белсенділік көрсете алмау
Жазылымдағы қателіктер	Орфографияны меңгермеу	Жазбаша тасырмаларды орындау қиын

Тілдік кедергілерді анықтауға байланысты тапсырмалар жүйесі лексикалық, грамматикалық, коммуникативтік т.б. кедергілерді анықтауға бағытталады. Олардың ішінде кейбіріне тоқтала кетсек. Мәселен, лексикалық кедергілерді анықтау бағытында мынадай тапсырмалар беруге болады: 1) мәтіннен жаңа сөзді табыңыз; 2) сөз мағынасын түсіндіріңіз; 3) сөзді сөйлемде қолданыңыз (сөйлем құрап көріңіз)

Грамматикалық кедергілерді анықтауға арналған жұмыс түрін мынадай түрде былайша ұйымдастыруға болады: 1) сөзге қосымша жалғаңыз; 2) қате құрылған сөйлемді түзетіңіз т.б. Осы жоғарыдағы лексикалық, грамматикалық кедергілерді анықтау арқылы да біраз жайт көз жеткізуге болады. Ол әрине эксперимент жүргізу арқылы айқындалатын мәселе.

Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілерін анықтау бойынша нақты нәтижеге жету мақсатында эксперимент жұмыстары жүргізілді. Экспериментке таңдалған респонденттер қазақ тілін жетік біледі. Үйде де, сыртта да қазақ тілінде сөйлейді. Орыс тілі күнделікті қарым-қатынаста өте сирек естіледі. Алайда мектепте орыс тілі пән ретінде оқытылады. Нақтырақ айтқанда, экспериментке Абай облысы Ақсуат ауданына қарасты таза қазақ ауылындағы орта мектеп оқушылары таңдалды. Экспериментке ауылдық мектептің 2 сынып оқушылары қатысты. Зерттеу экспериментіне жазылым бойынша тапсырмалар ұсынылды. О бастан-ақ бірінші сыныпты бітірген монотілді балаларды қандай шебер ұстаз оқытса да бәрінің бірдей өз ана тілінде сауатты жазып кетуі оңай емес екені бізге мәлім еді. Ал енді орыс тілін биыл ғана оқып жатқан, монотілді шалғай ауылдағы қазақ мектебінің оқушылары үшін өзге тілдегі тапсырманы орындау біраз қиындықтар келтіргені айтпаса да түсінікті болар. Экспериментке мынадай үш түрлі жазылым тапсырмалары (2-кестеде) берілді:

Кесте 2 – Жазылым тапсырмалары

1-тапсырма.

Напиши, как тебя зовут, где ты живешь.

2 - тапсырма.

Посмотри, что здесь написано. Перепиши.

После весёлого лета трудно начинать учиться, но приятно увидаться с друзьями.

3-тапсырма.

Слушай и пиши под диктовку.

Я хожу во второй класс. Мне купили синий рюкзак. В нем много карманов.

Эксперимент барысында оқушылар тарапынан жіберілген тілдік қателер ғана есепке алынды (мысалы, сөз қалып кетсе оны қатеге санамадық, ал егер әріп қалып қалса ол қатеге саналды). 2-тапсырмадағы берілген сөйлемді көшіру жеңіл тапсырма саналады. Ол тапсырманы орындауда ұқыптылық танытса оқушы қате жібере қоймайды. Алайда көшіріп жазу кезінде біршама қателер кеткен. Жұмыстарды тексеру барысында тағы да мынадай қателерді есепке алмадық:

А) үтірдің қойылмауы

Ә) нүктенің қойылмауы

Б) дұрыс тасымалданбаған сөздер

В) Бас әріптің емлесі бойынша кеткен қателер

Тапсырмаларды тексеру кезінде кеткен мына қателерді есепке алдық:

I. Берілген сұрақтарға жауап жазғанда кеткен қателердің түрі:

1-тапсырмадағы 1-сұраққа жауап бергенде оқушылар өз есімдерін қазақша төл әріптермен берген: Әлинұр, Нұралы, Әмірхан, Сезім, Нұрайым т.б. Әрине мұны өресел қате деуге де келмес, бірақ орыс тіліндегі мәтінде кісі есімдері орыс тілінің нормасына сай берілуі керек еді. Сол себепті бұл жағдайды айтып өткен жөн.

II. Көшіріп жазуға берілген тапсырма бойынша кеткен қателердің түрі:

1) «ё» әрпінің үстіндегі нүктенің қойылмауы «весёлого» сөзінің орнына «веселого» деп жазған.

2) «с» предлогты түсіріп жазған: «с друзьями» дегенде

3) «ь» жіңішкелік белгісін түсіріп жазған: друзьями

III. Шағын диктант жұмысында кеткен қателердің түрі:

1) дауысты «о» дыбысының орнына «а» -ны жазу: «хожу» сөзінің орнына «хажу»

2) предлогты жазудағы қателіктер: второй/ вавтарои/ ваптрой

3) «класс» сөзін «кыласс» түрінде жазған.

4) «купили» сөзін «губели» түрінде қате жазған.

5) «синий» сөзінің орнына «сени» деп жазғандар болды.

6) Қиын сөз ретінде «рюкзак» сөзін түрлі нұсқада қате жазған: рыузак/рөзак/розак/урзак/рукзат/руксак және т.б.

7) «много» сөзін «мыного» түрінде қате жазған

8) «карманов» сөзін карманав/карманок/карман

Қателердің болуының біздіңше, бірнеше себептері бар. Олар:

Біріншіден, фонетикалық және графикалық қателер. Оқушы естігені бойынша жазуға дағдыланғандықтан қате жіберуі мүмкін. Мысалы, орыс тіліндегі «о» -ның айтылуда «а» болып естілуіне байланысты қателердің болуы. Оған жоғарыда келтіргеніміздей нақты мысал бар. Мысалы: «хожу» сөзінің орнына «хажу» деп жазған. Қатенің кету себебі, қазақ тілінде сөз қалай айтылса, солай жазылады. Сондықтан бала естігенін сол қалпында жазған. Яғни монотілді баланың өз ана тілінің табиғатына сай қабылдауы мен дағдысы қалыптасқандықтан осындай қателер жіберген деуге болады.

Екіншіден, қазақ тілінде предлогтар жоқ, олардың орнына сөздің соңына жалғанатын септік жалғаулары немесе сөзге тіркесетін септеулік шылаулар қолданылады. Сондықтан мынадай қателер кездеседі: «Я хожу второй класс» (во түсіп қалған) немесе «Нем много карманов» (в түсіп қалған). Ал мұндай қателердің болу себебі, қазақ тілінде «екінші сыныпқа барамын» деп соңына септік жалғауы жалғанатындықтан, ал орыс тілінде сөздің алдына предлог қою бала үшін қиын әрі бала оған дағдыланбаған. Монотілді бала (ана тілі қазақ тілі) бұл тапсырманы орындағанда жіберетін қателіктерінің негізгі себебі — тілдік интерференция. Яғни қазақ тілінің ережелерін орыс тіліне еріксіз қолдану деген сөз.

Үшіншіден, сөйлемде «синий» сөзін «сини» немесе «синий» нұсқасында жазған оқушылар кездесті. Бұлай қате жіберудің де өзіндік негізі жоқ емес. Қазақ тілінде «и» дыбысы созылыңқы және жұмсақ, ал орыс тіліндегі «и» мен «й» дыбыстарының айырмашылығын монотілді бала бірден ажырата алмайды.

Бұл кеткен қателерді баланың қабілетсіздігінен жіберді деуге келмейді, ол монотілді баланың санасында қазақ тілінің грамматикалық базасы мықты қалыптасқанын көрсетеді. Орыс тілін үйрену барысында ол екі тілдің құрылымын салыстыру арқылы түрлі тілдік кедергілерден өтеді. Бұл эксперимент кезіндегі тапсырмаларды орындаудағы кеткен қателіктер балада өз ана тілінің құрылымы мен жүйесіне сай алгоритмнің берік бекуімен түсіндіруге болады. Шағын диктант кезінде кеткен қателер саны көп болуының бұл айтылғандардан басқа да себептері бар. Оның себебі, бала мұғалімнің айтқанын өзі іштей қайталау кезінде қате жіберіп, мұғалімнен естігенін емес, өзінің қайталауындағы қате нұсқаны жазып қоятын сәттері де бар. Өйткені, бала өзінің үйреншікті ана тілінің артикуляциялық базасына сай дыбыстап дағдыланған.

Сонымен қатар когнитивті икемділік тұрғысынан монотілді балаларда екі тілді қатар меңгерген балаларға қарағанда назар аудару және тапсырмалар орындауда жылдам ауысу қабілеті (екінші тілге қатысты) салыстырмалы түрде баяу дамуы мүмкін. Эксперимент бойынша 2-сынып оқушыларының жазба жұмыстары бойынша кеткен қателер саны 3-кестеде берілді.

Кесте 3 – Қателердің жалпы саны

1-тапсырма бойынша қате саны	2-тапсырма бойынша қате саны	3-тапсырма бойынша қате саны	Барлық қате саны
1	3	17	21

Монотілді балалардың оқу процесіндегі кедергілері көбінесе оқу тілінің ана тіліне сәйкес келмеуінен туындайды. Орыс немесе ағылшын тілінде білім алу барысында тілдік кедергілер пәнді меңгеруге тікелей әсер етеді. Сондықтан оқу тіліндегі лексикалық, грамматикалық және коммуникативтік қиындықтарды анықтау – білім сапасын арттырудың негізгі шарты ғана емес, баланың өз ана тілінде білім алуының қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Монотілді балалардың өз ана тілінде білім алуы – олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуының басты көрсеткіші. Өйткені, ана тілі – баланың ойлау тілі. Осы айтылғандарды жүйелей келе, баланың бастауыш сыныптарда өз ана тілінде білім алуының мынадай артықшылықтарын атап өтуге болады:

Ең әуелі, бала ақпаратты алдымен өз ана тілі арқылы қабылдап өңдейді.

Екіншіден, небір күрделі ұғымдар мен абстрактілі ойлау бала санасында ана тілінде неғұрлым жеңіл қалыптасады.

Үшіншіден, ана тілінде оқыған балалар оқу процесінде оқу материалын тез әрі терең меңгереді. Сондай-ақ ана тілінде оқығанда балалар өз ойын қысымай-қымтырылмай, еркін айтады, қателесуден қорықпайды.

Төртіншіден, ана тілі арқылы ұлттық сана, мәдени және ұлттық, рухани құндылықтар қалыптасады.

Бесіншіден, ана тілінде берік бекіген сөздік қор, грамматикалық жүйе т.б дағдылар өзге тілдерді үйренуді жеңілдетеді. Балада аналитикалық ойлау, салыстыра тану, түсіну процестері қалыптасады.

Алтыншыдан, өз ана тілінде оқыған бала жалпы пәндік білімді жақсы меңгереді. Ана тілінде баланың білім алуы оның жалпы оқу жетістігін арттырады.

Қорытынды. Мақалада көтерілген проблемалар қазіргі тіл ғылымындағы немесе оқыту әдістемесіндегі негізгі мәселе ғана емес, жалпы қоғамдағы аса қажетті, өзекті мәселелер. Бұл зерттеудің негізгі бағыты – монотілді балалардың оқу процесіндегі

тілдік кедергілерін анықтау. Ал ол тек тілдік дамуды ғана емес, жалпы оқу жетістігі мен монотілді баланың көптілді ортада әлеуметтік бейімделуі сияқты негізгі мәселелерді қамтиды. Тілдік кедергілер тілдік жүйенің лексикалық, грамматикалық және дискурстық деңгейлерінде көрінетін күрделі лингвистикалық құбылыс. Сондықтан да мақалада көтерілген мәселелер лингвистика мен оқыту әдістемесіне бірдей қатысты. Оның үстіне бала тілінің дамуы мен қалыптасуы онтолингвистика саласының негізгі мәселесі ретінде қарастырылатындықтан лингвистиканың негізгі нысаны болып табылады. Зерттеу нәтижесінде монотілді балалардың оқу процесіндегі қиындықтары негізінен оқу тілінің ана тіліне сәйкес келмеуімен байланысты екені анықталады. Сондай-ақ зерттеулер монотілді балалардың шет тілін үйрену кезінде билингвтерге қарағанда көбірек кедергілерге тап болатыны айтылған. Ол әрине оқу үлгеріміне әсері етеді. Бұл жағдай оқу бағдарламаларын жетілдіруге ұсыныстар беруді қажет етеді. Зерттеу нәтижелері бастауышта бала білімді тек ана тілінде алуы қажеттілігін тағы да дәлелдей түсті. Өйткені, монотілді балалардың бастауыш сыныпта өз ана тілінде білім алуы – олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуының басты көрсеткіші. Баланың ана тілі – баланың ойлау тілі. Баланың бастауыш сыныптарда өз ана тілінде білім алуының бірнеше негізгі-негізгі артықшылықтары көрсетілді. Сол себепті де жоғарыдағы зерттеу осы мәселенің аса өзекті екенін көрсетіп отыр.

Қорыта айтқанда, мақалада қарастырылған мәселе қазіргі тіл білімінде де, білім беру жүйесінде де ерекше маңызға ие. Зерттеу монотілді балалардың оқу процесінде кездесетін тілдік кедергілерін анықтап, олардың білімді меңгеруіне әсер ететін негізгі факторларды саралауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижелері тілдік орта мен оқыту әдістерін жетілдірудің қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу қорытындылары білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытуға және оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеуге негіз болады. Сондықтан аталған жұмыс ғылыми-теориялық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан да өзекті зерттеу болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдернің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
2. Дулатов М. Шығармалары. Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
3. Сыздық Р. Бала бір тілде ойлап, сөйлеп, түс көруі тиіс. URL: <https://adebiportal.kz> (Қаралды: 22.12.2025)
4. Коменский Я.А. Ұлы дидактика // Педагогикалық классика: 10 томдық. – 1-том. – Алматы: Таймс, 2010. – 328 б.
5. Пирогов Н.И. Избранные педагогические сочинения / Н.И. Пирогов; құраст. А.Н. Алексюк, Г.Г. Савенок. – М.: Педагогика, 1985. – 496 б.
6. Husén T. International Study of Achievement in Mathematics: A Comparison of Twelve Countries. – Stockholm: Almqvist & Wiksell, 1973. – 672 p.
7. Жакупова А.Д., Анищенко О.А., Темирова Ж.Г. Исследование мотивационной рефлексии детей-монолингвов и детей-билингвов Казахстана (на материале данных психолингвистического эксперимента) // Вестник Томского государственного университета. Филология. – 2024. – № 88. – С. 48-75. URL: <http://vital.lib.tsu.ru/vital/access/manager/Repository/koha:001143043>
8. Кобрин О.А. Ошибки в детской речи при овладении родным языком и при изучении второго (иностранного) языка // Сборник материалов конференции «Проблемы детской речи – 1996». – Санкт-Петербург, 1996. – С. 78-80.
9. Волков Ю.А., Башеров О.И., Яшина Ю.В., Фомичева Д.А. Языковой барьер и его влияние на учебный процесс иностранных студентов // Управление образованием: теория и практика. – Т. 15. – 2025. № 1. – С. 147–152.

10. Дронова С.Ю. Преодоление языкового барьера у студентов при развитии коммуникативной компетенции в иностранном языке // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2024. – №3. – С. 596-607.
11. Зверева Л.И. Исследование проблемы языковой тревожности и пути ее преодоления при изучении иностранного языка в вузе // Вестник Педагогического университета. Таджикский государственный педагогический университет имени С.Айни. – 2022. – №3. – С. 56-65.
12. Вигель Н.А. Процесс моделирования языка у монолингвов и билингвов. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/protsess-modelirovaniya-yazyka-u-monolingvov-i-bilingvov> (Қаралды: 22.12.2025)
13. Babane V. How language challenges affect the behaviour of immigrant learners in the Foundation Phase at three schools in Gauteng, South Africa // South African Journal of Childhood Education. – 2020. – Vol. 10. – No. 1. – P. 1-11. DOI: <https://doi.org/10.4102/sajce.v10i1.868>
14. Ебелекбаева Ә.Қ., Акимбекова Г.Ш., Садыр Г.Ә. Тілдегі белсенді үдерістер: қостілді қоғамда тіл мәдениетін қалыптастырудағы код ауыстырудың рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – №4 (200). – Б. 20-35. DOI: <https://doi.org/10.4102/sajce.v10i1.868>

К.Т. МУХАМАДИ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ВЫЯВЛЕНИЕ ЯЗЫКОВЫХ БАРЬЕРОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ МОНОЯЗЫЧНЫХ ДЕТЕЙ

Аннотация. Статья посвящена выявлению языковых барьеров в процессе обучения моноязычных детей. Важность выявления языковых барьеров в процессе обучения моноязычных детей возрастает. Данная проблема является очень актуальной, так как затрагивает не только развитие языка, но и такие вопросы, как общая успеваемость и социальная адаптация ребенка в многоязычной среде. Важно рассматривать этот вопрос не только в контексте казахской лингвистики, но и лингвистики в целом, опираясь на смежные понятия, изучать их в сравнительном ключе и определять основу данной проблемы. Цель исследования, проведенного в данной статье, состоит в выявлении языковых барьеров в процессе обучения детей, говорящих только на одном языке, и оценке их влияния на успеваемость. Несмотря на то, что предыдущие исследования, особенно проведенные зарубежными учеными, анализировали специфику монолингвизма и существовали теоретические научные работы, в отечественных исследованиях по этому вопросу практически отсутствуют данные об определении языковых барьеров в процессе обучения моноязычных детей. Именно поэтому проблема моноязычных детей в настоящее время очень актуальна в исследованиях детской речи. В данной статье обосновывается важность получения образования исключительно на родном языке в начальной школе.

Ключевые слова: моноязычный ребенок, язык ребенка, успеваемость, языковые барьеры, процесс обучения

K.T. MUKHAMADI

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

IDENTIFYING LANGUAGE BARRIERS IN THE PROCESS OF TEACHING MONOLINGUAL CHILDREN

Annotation. The article is devoted to identifying language barriers in the learning process of monolingual children. The importance of identifying language barriers in the learning process of monolingual children is increasing. After all, identifying language barriers in the learning process of monolingual children is a very relevant issue that encompasses not only language development, but also issues such as overall academic achievement and social adaptation of a monolingual child

in a multilingual environment. Therefore, it is important to consider it not only in relation to Kazakh linguistics, but also in linguistics in general, based on related concepts, to study them in a comparative manner, and to determine the basis of this issue. The purpose of the study conducted in the article is to identify language barriers in the learning process of monolingual children and assess their impact on their academic performance. Although previous studies, including those by foreign scholars, have included theoretical scientific works that have identified the nature of monolingualism, domestic studies on this issue are almost completely devoid of studies aimed at identifying language barriers in the learning process of monolingual children. That is why the issue of monolingual children is currently very relevant in research on child language. This article examines the issue of identifying language barriers in the learning process of monolingual children, and argues for the importance of receiving education only in the mother tongue in primary school.

Keywords: monolingual child, child language, learning achievement, language barriers, learning process.

References

1. Qaliev Ć. Tıl bılımı termindernıń tüsındırme sözdıǵı. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2005. – 440 b.
2. Dulatov M. Şyǵarmalary. Öleńder, qara sözder, kösemsöz. – Almaty: Jazuşy, 1991. – 384 b.
3. Syzdyq R. Bala bır tilde oilap, söylep, tüs körui tiis. URL: <https://adebiportal.kz> (Qaraldy: 22.12.2025)
4. Komenski İa.A. Ūly didaktika // Pedagogikalyq klasika: 10 tomdyq. – 1-tom. – Almaty: Taims, 2010. – 328 b.
5. Pirogov N.İ. İzbrannye pedagogicheskie sochinenia / N.İ. Pirogov; qūrast. A.N. Aleksük, G.G. Savenok. – M.: Pedagogika, 1985. – 496 b.
6. Husén T. International Study of Achievement in Mathematics: A Comparison of Twelve Countries. – Stockholm: Almqvist & Wiksell, 1973. – 672 p.
7. Jakupova A.D., Anişenko O.A., Temirova J.G. İssledovanie motivasionnoi refleksii detei-monolingvov i detei-bilingvov Kazahstana (na materiale dannyh psiholingvisticheskogo eksperimenta) // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologia. – 2024. – № 88. – S. 48-75. URL: <http://vital.lib.tsu.ru/vital/access/manager/Repository/koha:001143043>
8. Kobrina O.A. Oşibki v detskoı rechi pri ovladenii rodnym iazykom i pri izuchenii vtorogo (inostrannogo) iazyka // Cbornik materialov konferensii «Problemy detskoı rechi – 1996». – Sankt-Peterburg, 1996. – C. 78-80.
9. Volkov İu.A., Başerov O.İ., İaşına İu.V., Fomicheva D.A. İazykovoi barer i ego vlianie na uchebnyi proses inostrannyh studentov // Upravlenie obrazovaniem: teoria i praktika. – 2025. – T. 15, № 1. – S. 147–152.
10. Dronova S.İu. Preodolenie iazykovogo barera u studentov pri razvitii komunikativnoi kompetensii v inostrannom iazyke // Vestnik Tambovskogo universiteta. Seria: Gumanitarnye nauki. – 2024. – №3. – C. 596-607.
11. Zvereva L.İ. İssledovanie problemy iazykovoi trevojnosti i puti ee preodolenia pri izuchenii inostrannogo iazyka v vuze // Vestnik Pedagogicheskogo universiteta. Tajikski gosudarstvennyi pedagogicheski universitet imeni S. Aini. – 2022. – №3. – S. 56-65.
12. Vigel N.L. Proses modelirovaniya iazyka u monolingvov i bilingvov. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/protsess-modelirovaniya-azyka-u-monolingvov-i-bilingvov> (Qaraldy: 22.12.2025)
13. Babane V. How language challenges affect the behaviour of immigrant learners in the Foundation Phase at three schools in Gauteng, South Africa // South African Journal of Childhood Education. – 2020. – Vol. 10. – No. 1. – P. 1-11. DOI: <https://doi.org/10.4102/sajce.v10i1.868>
14. Ebelekbaeva Ä.Q., Akimbekova G.Ş., Sadyr G.Ä. Tildegı belsendi üderister: qostıldı qoǵamda tıl mädenietin qalyptastyruıdaǵy kod auystyruıyń röli // QazĪU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2025. – №4 (200). – B. 20-35. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh202520042>

Автор туралы мәлімет:

Мұхамади Құралай Төлегенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

Мухамади Куралай Толегеновна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Mukhamadi Kuralay Tolegenkyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Техникалық редакторлар: **М. Аманғазықызы, А.Т. Жұмсақбаев,**
Г.Қ. Қиарыстанова

Компьютерде беттеген: **Ж.Қ. Оспан**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. 2026. – 2.
– Астана: А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты.
– 302 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.